



№17 (10007)
27 ақпан
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мезгіл мәселесі

Алаңдауға негіз жоқ



Жыл сайын қыс мезгілі аяқталысымен су тасқыны мәселесі елді дүрліктіретіні жасырын емес. Халық та, билік те алаңдайды. Әрине табиғат апаты айтып келмейді, дегенмен алдын алған абзалырақ. Жауаптылардың айтуынша, алаңдауға негіз жоқ, бүгінде елімізде су тасқыны бойынша жағдай тұрақты. Десе де «Қазгидромет» РМК-нің алдын ала болжамына сәйкес ақпан, наурыз айларының соңында республиканың оңтүстік-шығыс, солтүстік және орталық бөліктерінде тәулігіне айлық мөлшерден артық жауын-шашын түсуі ықтимал. Бұл ақпаратпен ТЖМ басшысы Шыңғыс Әрінов Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен ҚР Үкіметінің отырысында бөлісті.

Осыған байланысты 10 өңірдің елді мекендерін, атап айтқанда, тау суларының ағыны салдарынан Алматы, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Жетісу облыстары, қардың көп еруіне байланысты Батыс Қазақстан, Ақмола, СҚО, Қарағанды, Павлодар және Қостанай өңірлерін су басу қаупі бар. Бірақ алаңдауға негіз жоқ секілді. Өйткені жауапты мамандар тиісті жұмыстар атқарып, қауіптің алдын алуда біраз тер төгіпті.

Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, су тасқыны кезеңіне дайындық бойынша қажетті іс-шаралар кешенін өткізіп те үлгерген. «Көктем» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу шеңберінде басқару органдарының күштері мен құралдарының нақты дайындығы қатаң бақылауда. Халықты құлақтандыру пысықталып, зардап шеккен азаматтарды жинау пункттері дайындалған. Елді мекендерде уақытша бөгендер салу және үйемелеу, арықтарды, каналдарды, сондай-ақ авто және темір жолдардағы су өткізу құ-

рылыстарын тазарту нақты түрде жүзеге асырылған. Елді мекендерден 10,5 млн текше метрден астам қар шығарылған.

Бірақ бұл жұмыстардың да жеткіліксіз болып жататыны жасырын емес. Соңғы үш жылдағы статистикаға сәйкес қабылданған алдын алу шараларына қарамастан жылда Ақмола, Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының елді мекендерін су басуда. Осы дәйектерді ескере отырып, халықты су тасқыны қаупінен қорғау мәселесін жедел және бұдан да нәтижелі шешу Үкіметтің басты тапсырмасына айналғандай.

Министрдің айтуынша, бұған дейін 2017 жылдан бастап әр үш жыл сайын Жол карталары бекітілген. Оларды іске асыру өзінің ішінара тиімділігін көрсетіп үлгерген. Олардың орындалуын талдау іс-шаралардың көп бөлігі орындалмағанын және келесі Жол картасына ауыстырылғанын көрсеткен. Бұның себебі барлық көзделген шаралардың тиісті қаржы-

ландырудың болмауы. Жекелеген іс-шараларды тек нүктелік күшейту болды. Нәтижесінде соңғы Жол картасының (2021–2023 жылдар) тек 58 пайызы іске асырылса, 92 іс-шара орындалмаған. Кейде жобалардың қысқартылуына байланысты жекелеген іс-шараларды іске асыру үшін қаражат жеткіліксіз болған. Оларды қосымша қаржыландыруға көп уақыт кететін көрінеді.

Осыған байланысты жергілікті деңгейде әкімдіктердің тиісті құзыреті мен тетігі бар су тасқынына қарсы іс-шараларды 100 пайызға қаржыландыруды жоспарлау қажет. Қабылданған шаралар тиімді болуы тиіс және уақытша болмауы керек, нәтижесінде олар өңірлердегі су тасқыны жағдайын шешуі керек. Мысалы, «Көксарай» суреттігінің құрылысы Сырдария өзеніндегі 400-ден астам елді мекенді су басу қаупін біржола жоюға мүмкіндік берген.

Биыл Ақмола облысындағы Есіл өзенінде Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының елді мекендерін су

басу қаупін болдырмайтын Есіл су реттегішін және республика бойынша 40 су қоймасын салу жоспарлануда. Бұл әкімдіктер үшін қымбат болады, бірақ бұл халықтың қауіпсіздігін арттыруға және олардың мүлкін жоғалту салдарынан туындайтын әлеуметтік шиеленісті азайтуға мүмкіндік бермек. Бір мезгілде жазғы кезеңде ауыл шаруашылығы алқаптарын суару мәселелерін шешеді.

Жыл сайын министрлік бөлімшелері мен әкімдіктердің күшімен су тасқынының өршуі кезінде ондаған қорғаныш бөгенін шұғыл нығайту жолымен ұстайды. Халықты құлақтандыру әр үйге жеке хабарлау арқылы жасалады. Бірақ бұл – тек су тасқыны кезеңіндегі уақытша шаралар. Жалпы жағдай жылдан-жылға қайталануда. Бар мәселе өз шешімін таппайды.

Мысалы, Түркістан облысында «Қазсушар» қарамағындағы «Көкса-рай» су реттегішінің қазіргі жұмыс қабілеті 50 пайызды құрайды. Яғни 8 жерде ағындар түрінде су қоймасының дұрыс пайдаланбауы және судың уақытылы ақпауынан грифондар пайда болған. Жыл сайын «Қазсушар» тарапынан басқа да су қоймаларының су режимінің графигі сақталмайды. 2022-2023 жылдары «Шардара» суреттегішін толтыру бекітілген графигтен бір ай бұрын жүзеге асырылған. Бұл ретте судың жыналуын дұрыс реттемеу төмен тұрған елді мекендерге су жайылуына әкеп соқтыруы мүмкін екен.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Қ.Мұстафаева – 60 жыл

Өнегелі өмір иесі

Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде ер азаматтармен қатар мемлекеттік қызметтің тізгінін ұстаған, туған жеріміздің гүлденуіне, ауданымыздың экономикасы мен мәдениетінің дамуына үлес қосып жүрген «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаеваның 60 жылдық мерейтойына арналған шара өтті. Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов мерейтой иесінің қызмет жолына тоқталып, аудан экономикасының дамуы жолындағы елеулі еңбегіне ризашылығын білдірді.



— Мерейтой иесі жауапты лауазымдарды атқаруда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп келеді. Қаншагүл Шоңмұрынқызының мемлекеттік қызметте жүріп өткен жолы кейінгі жастарға үлгі, өнеге боларлықтай. Бүгін алпысқа толып отырған Қаншагүл Шоңмұрынқызының алдағы уақытта да елдің ертеніне қажымай еңбек ете беретініне сенім білдіреміз, — деген Ғани Кенжеғараұлы мерейтой иесіне гүл шоқтары мен сыйлығын табыс етті.

Айта кетейік, мерейтой иесінің ел игілігі үшін атқарған қызметі лайықты бағасын алды. Ол 1988 жылдан басталған еңбек жолында барлық қызметтің сатысынан өтіп, Қармақшы, Жалағаш аудандары әкімінің орынбасары лауазымын абыроймен атқарды. Бүгінде «Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының Атқарушы хатшысы қызметін абыроймен атқаруда.

Шара барысында мемлекет және қоғам қайраткері Биғали Қаюпов, белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Қоғам ТВ» телеарнасының құрылтайшысы Шәһизада Әбдікәрімов, Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Жарқынбек Омаров, «Аманат» партиясы облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Алтынбек Шөкімағұлы және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай Қаншагүл Шоңмұрынқызын мерейлі жасымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Мұнан кейін шаһар концерттік бағдарламаға ұласты.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Бәрекелді!

Батыр аналар ауылы

Бірлігі бекем, тірлігі тұзу, ынтымағы жарасқан Еңбек ауылында бүгінде 43 «Алтын алқа», 54 «Күміс алқа» иесі бар. Отбасының ұйытқысы, ұрпақ жалғастығы болған батыр аналар түрлі салада қызмет етіп, еңбектен бақытын тапты. Бесік жырымен бала тербеткен аналардың бастамасымен ауылда «Батыр аналар» ансамблі құрылған.

Ауылдағы «Батыр аналар» ансамблі 1988 жылы құрылған. Сол жылы алғашқы құрамдағы 19 батыр ана ауылдық мәдениет үйінде жеке концерт берген. Алтынқұрсақты аналардың шығармашылық көшіне ауыл түгел қатысқан. Алғашқы концерттен-ақ көрерменнің сұрауымен батыр әжелер көршілес Жаңадария, Аққұм, Ақарық, Шаған, Мырзабай ахун сынды ауылдарға концерттік іс-сапармен шығып, өз өнерлерін көрсете бастаған.

Ансамбль құрамында Әдеп Толыбаева, Айнагүл Бұрышова, Набира Қаукенова, Жанымкүл Есімова, Ақзереп Аяпова, Қантай Итенова, Жұмакүл Бексейтова, Абаштар Жұмағұлова қазақ, орыс халық әндерін әуелете шырқаса, Зәпен Жалғасбаева қазақ биін билеген. Сонымен қатар ансамбль құрамындағы Дәркүл Тоқабаева, Рая Нұрханова, Гүлсім Жаңабаяева халыққа әй салар көріністерді сахналаған. Ауыл тұрғындарының айтуынша, ансамбль жетекшісі Рахия Жұбатханова өзбек, сығаң үнді халықтарының ұлттық биін нақышына

келтіре орындаған деседі.

Мәдениет үйінде өнерлі топтың үлгілі жолын дәріптейтін арнайы кабинет те жасақталған. Мұнда ансамбль тарихымен терең танысуға болады. Аты аңызға айналған өнер ұжымының жеткен жетістіктері өте көп. Республикалық және облыстық конкурстарда топ жарған.

Ауылда тәрбиелік бағытта батыр аналардың қатысуымен жиі кездесулер, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Ақжаулықты аналарымыздың ғұмыры өскелең ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

2018 жылы Аққошқар ауылдық мәдениет үйінде «Батыр аналар» ансамблі өзінің 30 жылдық мерейтойын облыстық деңгейде атап өткен. Мерейтой қарсаңында аналарымыз сахна төрін өзінен кейінгі ізбасарларына, яғни ансамбльдің ізін жалғастыруды ауылдағы 18 жас батыр анаға аманаттаған.

Өткенге көз жүгіртіп, тарихқа қанық болу үшін кеше Еңбек ауылына атбасын бұрып, ансамбльдің алғашқы жетекшісі Рахия Жұбатханова анамыздың қара шаңырағына

барып қайттық.

«Батыр аналар» ансамблі 1988 жылы құрылып, мен оған 30 жыл жетекшілік жасадым. Ауыл, аудандарды аралап концерт беріп, билет бағасын арзандау қойып, халықтан жиналған қаражатты сол ауылдың әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларына азық-түлікке деп табыстап кететінбіз. Қай ауылға барсақ та осы үрдісімізді тастаған емеспіз. Одан бөлек арнайы облыстық шараларға шақырту түсетін. Әсіресе сәбилер үйі мен қарттар үйіне концерттік бағдарламамен жиі баратынбыз. Құрқол бармайық деп, үйден сүт, айранымызды, балаларға киімдер апарып беретінбіз, — дейді Рахия Жұбатханова.

Батыр ана 10 рет құрсақ көтеріп, қызын қияға, ұлын ұға қондырған. Ол — бүгінде 37 немере, 8 шөберенің ортасындағы бақытты әже.

Тағы бір айта кететін дүние бар, аналарымыздың алтын қолынан шыққан көрпешенің сан түрі аудандық «Иманқұл», ауылдық «Мүсірәлі баба» мешіттеріне сыйға тарылған. 6 баланың анасы Айнұр



Доспанбетова — құрақ құрау ісінің шебері. «Күміс алқа» иегері хоббин кәсіпке айналдырған. Ол 1 млн теңге қайтарымсыз грант алып, өз жұмысын бастаған.

— Жүн түтіп, жіп иіру, жылы киім тоқу, киіз үйге арналған кілем мен өшекей жасауды аналарымыз бен әжелерімізден үйрендік. Қолөнер мен қолданбалы өнер біздің халықтың қанында бар. Бұл білім әрқашан ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Дәстүріміз бен мәдениетімізді сақтау біз үшін де өте маңызды, — дейді алтынқұрсақты ана.

Ансамбльдің белді әншісі Дәркүл Тоқабаева бүгінде 80-нен асты. Ол — 10 балаға өмір сыйлаған батыр ана. Бүгінде 70-тен аса немересі мен 50-ден аса шөбересі бар. Тек бала тәрбиесімен ғана емес, жас кезінде шаруашылықта сауыншы әрі сушы болып еңбек етіп, күріш екті. Батыр ана — бүгінде Аққошқар ауылдық мәдениет үйіндегі «Қолөнер» үйірмесінің жетекшісі. Он саусағынан өнер тамған әжеміз ауыл жастарын ұлттық ою-өрнектерімізбен безендірілген кілемдер тоқу, ши орау, тускиіз ою, құрақ құрауды жастарға насихаттауда.

Бүгінде «Батыр аналар» ансамбліндегі 18 ана аудан, облыс сахналарында өнер көрсетіп, батыр аналар жолын жалғап, қазақ өнеріне қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Айта кетейік, мақаламызға арқау болған Еңбек ауылы «Батыр аналармен» ғана танымал емес. Ауылда соңғы 7 жылда құқық бұзушылық орын алмаған. Еліне құрмет көрсетіп, көпшілікті рухани байлыққа көнелтіп жүрген батыр аналарымыздың өнер жолы ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қала бермек.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Ол су тасқыны кезеңінде республикалық және облыстық маңызы бар автожолдар тасып кетуге және шайылуға ұшырап жатады. Әр көктемде көптеген елді мекен іс жүзінде қатынассыз қалады. Бұл қоғамдық резонанс тудырады. Мысалы, жыл сайын жол төсемінен судың тасып кетуіне байланысты Ақмола, Қостанай, Ақтөбе облыстарындағы көптермен және ауылдарымен қатынас қиындайтын көрінеді. Бүгінгі таңда республика бойынша 900 автомобиль учаскесі және су басуға бейім алты жүзден астам теміржол учаскесі бар. Негізгі себеп – автомобильдер мен теміржолдар астындағы су өткізгіш құрылыстардың қабілетінің төмендігі немесе мүлдем болмауы. Нәтижесінде тіпті жаңа жолдар да шайылып кетеді. Осыған байланысты Көлік министрлігі мен әкімдіктер жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде оларды салуды көздеуі қажет. Биылдың өзінде су тасқыны кезеңі әлі басталмаса да елді мекендерді су басудың 12 фактісі және автожолдың бір тасып кетуі тіркелген.

Сондықтан министрлік барлық әкімдіктер мен мүдделі мемлекеттік органдарға айтылған мәселелерді шешу жөнінде шаралар қабылдауды табынды түрде тапсырды. Елді мекендерге су тасқыны қауіпін азайту бойынша іс-шараларды алдын ала жүргізу қажет. Бұл – қарды уақытылы шығару, өзендерде жарылыс жұмыстарын жүргізу, елді мекендерді үйемелеу, техника мен адамдарды, инертті материалдарды, жинау пункттерін және халыққа арналған бірінші кезекте қажетті тиісті құралдарды дайындау.

Елдің басым бөлігінде жауын-шашын қар, елдің оңтүстігінде жаңбыр, ылғалды қар түрінде болады деп күтілуде. Консультативтік синоптикалық ауа райы болжамына сәйкес наурыз айында ауа температурасы елдің көп бөлігінде климаттық норма шегінде, елдің шығысында, оңтүстік-шығысында және оңтүстігінде климаттық нормадан 1 градус жоғары болады деп болжанады. Наурыз айында жауын-шашын мөлшері еліміздің басым бөлігінде нормадан арттық, еліміздің оңтүстік-батысында, солтүстік-батысында және солтүстігінде нормаға жақын болжанады.

«Қазгидромет» су тасқыны кезеңіне негізгі болжамды 5 наурызға дейін, одан кейін гидрологиялық болжамдарды апта сайын ұсынады. Гидрометеожағдайлар күрт өзгерген жағдайда «Қазгидромет» су тасқыны қауіпін туралы дауылды ескертулерді алдын ала екі-үш тәулік бұрын хабардар ететін болады.



Алаңдауға негіз жоқ

Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтың айтуынша, су тасқыны кезеңінде министрлік су қоймаларының толуына тұрақты бақылауды жүзеге асырады. Толтыру пайызы шығарылады, су қоймаларынан су ағызу көлемі мен ағыны бойынша алынған мәліметтер талданады. Биыл су тасқыны кезеңі басталғанға дейін негізгі су қоймаларда су тасқынын қауіпсіз қабылдау үшін бос сыйымдылықтар құрылған. Республикалық мәншіктегі су қоймалары бойынша орташа бос сыйымдылық 50 пайызды, коммуналдық және жекеменшік 60 пайызды құрайды.

Барлық 1502 тірекгидротехникалық құрылыста, бассейндік инспекциялардың мамандары төтенше жағдайлар департаменттерімен, жергілікті атқарушы органдармен, сондай-ақ МТК меншік иелерімен бірлесіп, жыл сайынғы көзбен шолып тексеру жүргізген, оның қорытындысы бойынша 537-сі жөндеуді талап етеді, мұнда негізгі масса коммуналдық меншікте болады. Зерттеу нәтижелері бойынша бассейндік инспекциялар су тасқыны кезеңінде ГТК дайындау және тасқын суларды ГТК арқылы қауіпсіз өткізу бойынша әкімдер жасап, ұсынымдар берген.

Осыған байланысты өңірлердің әкімдіктері уақытылы дайындық іс-шараларын, оның ішінде тасқын суларды қауіпсіз өткізу бойынша іс-шараларды қабылдауы қажет. Сонымен қатар су заңнамасының талаптарына сәйкес ГТК иелері ГТК-ның аспаптық жай-күйін анықтауға және қауіпсіздікті декларациялауға мүмкіндік беретін көп факторлы зерттеу жүргізуге міндетті.

Мәселен, 2024 жылы 1 ақпандағы жағдай бойынша қолда бар 1502 ГТК-дан 118 ГТК-ға көп факторлы тексеру жүргізілді, оның ішінде республикалық меншік – 32, коммуналдық меншік – 79, жеке меншік – 7. Сондай-ақ бассейндік инспекцияларда 115 қауіпсіздік декларациясы тіркелген, оның ішінде республикалық меншік – 49, коммуналдық меншік – 52, жекеменшік – 14.

Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарының, сондай-ақ Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктері коммуналдық және жеке меншіктегі МТК-да көп факторлы тексерулер жүргізбеген. Сондықтан аталған әкімдіктер шұғыл шаралар қабылдауы қажет.

ҚР Көлік министрі Марат Қарабаевтың мәліметінше, республикалық автожолдар бойынша су тасқыны

қауіп бар 396 учаскі, 68 көпір және 650 су өткізу құбырлары анықталған. Тәулік бойы кезекшілік пен күнделікті қарау ұйымдастырылған. Су тасқыны кезеңінде іс-шараларды жедел қабылдау үшін барлық аймақтарда қажетті инертті және басқа да материалдар дайындалуда. Қазіргі уақытта 10 мың текше метр құм, 3 текше метр тау тас және 2 мың текше метр қиыршық тас, 12 мың текше метр құм-тас қоспасы және 49 мың қапшық дайындалған. Еріген сулардың өтуін қамтамасыз ету мақсатында ауа райы жағдайына байланысты су өткізгіш құбырларының саңылауын ашу мен қардан тазарту жұмыстары жүргізілуде.

Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарымен бірлесіп, темір жолдан жоғары орналасқан 83 су қоймасы мен бөгеттердің жай-күйін тексеру жұмыстары да жүргізілуде. Су тасқыны кезеңінде іс-шараларды қабылдау үшін шамамен 2 мың 600 текше метр тау тас пен 8 мыңнан астам кондициялық емес темірбетон шпалы, 17 металл аралық құрылым, 45 рельсті пакет пен 145 құбыр әзірленсе, 45 арнайы пойыз құрылуда.

Жандос ЖАЗКЕН
БАСЫ 1-BETTE

Сұхбат



Эпидемиялық жағдай әлі де тұрақсыз

Елімізде коронавирус пен қызылшаның эпидемиялық жағдайы әлі де тұрақсыз. Мәселен, жыл басынан бері ауданда 30 қызылша жағдайы тіркелген, оның 14-і – 14 жасқа толмаған балалар. Ал коронавирус инфекциясының 2 дерегі тіркелген. Осы және адам папиллома вирусы сияқты өзге де қауіпті ауруларға қатысты аудандағы ахуалдан хабардар болу үшін аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзира Айымбетовамен сұхбаттасқан едік...

– Гүлзираш Айымбетова, адам папилломасы вирусы немен қауіпті? Сұхбатымызды осыдан бастасақ...

– Адам папиллома вирусы – әлемдегі ең көп таралған вирус. Оның алуан түрі бар. Қазірге дейін зерттелген штамдарының өзі 200-ден асады. Ең қауіпті түрі – 16 және 18 типтегі вирус. Мұндай онкогенді вирустар жатыр мойны мен вульвада, ер адамның жыныс мүшесі мен шырышты қабаты бар басқа да органдарында обыр ауруын туғызады. Адам папиллома вирусының тағы 10 түрі қауіпсіз ісік шақырады. Штамдардан сүйел, кондилома, респираторлық папилломатоза пайда болады.

– Адамдар папиллома вирусын жұқтыру жолы мен ықтималдылығына тоқталсаңыз...

– Өртүрлі жолмен! Мысалы, қол алысу немесе жыныстық қатынас арқылы. Тері немесе шырышты қабық жанасқанда вирус денеге енеді. АПВ-ны жұқтыру оңай, сондықтан адамдардың 80 пайызы өмірінде бір рет болса да осы вирусты жұқтырады. Жұқтырғаннан кейін вирус ағзада ұзақ уақыт тіршілік ете алады, бірақ бұл адам ауырады дегенді білдірмейді. Өзінде вирус бар екені туралы білмейді де мүмкін. Егер адамның иммунитеті жақсы болса, ауру белгілері болмауы мүмкін. Вирус байланыс арқылы жұғады. Заттардың беті қабатында ұзақ өмір сүре алмайды. Сондықтан көбіне жыныстық жолмен тарайды.

– Адам папиллома вирусы нақты кімдерге қауіпті?

– Адам папиллома вирусы әйелдерге өте қауіпті. Кейінгі бес жылда Қазақстанда 2 948 әйел жатыр мойны обрынан кез жұмған. Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған статистикаға сүйенсек, бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып барады. Кейінгі бес жылда 148 әйел вульва мен қынап рагынан қайтыс болған. Адам папиллома вирусының онкогенді түрлері ерлерге де зиян. 2018-2022 жылдары жыныс мүшесі мен ануастағы рактан 95 ер адам көз жұмған. Кейінгі бес жылда тіл ауыз қуысы мен тамақ-өңеш рагынан мың науқас өлген.

– Бұл аурудың алдын алуың қандай жолдары бар?

– Адам папиллома вирусына қарсы ғылыми тұрғыда дәлелденген жалғыз алдын алу жолы – вакцина салғызу. Екпе вирус салдарынан туған қатерлі ісіктен немесе басқа да аурулардан емдемейді. Кез келген вакцина сияқты бұл да алдын алады. Балаларға бірінші жыныстық серігі пайда болғанға дейін вакцина салынады. Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі Австралия, АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Германия тәжірибесіне сүйеніп отыр. Ведомствоның дерегіне, Австралия – 2007 жылы адам папиллома вирусына қарсы екпе енгізген алғашқы мемлекеттердің бірі. Бағдарлама нәтижесінде 18-24 жас аралығындағы австралиялық әйелдердің адам папиллома вирусын жұқтыруы 22 есеге (22,7 пайыздан 1,5 пайызға дейін) азайған. Жатыр мойны обрымен ауыру 50 пайызға кеміген. Вакцина вирустан 8-10 жылға қорғайды. Кейін тағы салу керек. Екпе салдырған адамның өзі жылына бір рет гинекологқа қаралып тұруы керек. Әр төрт жыл сайын скринингтен өтуі қажет.

– Бүгінде коронавирус қаншалықты қауіпті?

– Қазіргі таңда еліміздің бірқатар аймағында, атап айтқанда, Алматы, Астана, Шымкент өңірлерінде коронавирус инфекциясы бойынша эпидемиологиялық ахуал күрделеніп барады. Дегенмен біздің облыстағы жағдай тұрақты. Жыл басынан бері ауданда коронавирус инфекциясының 2 дерегі тіркелді. Коронавирус инфекциясы – SARS-CoV-2 вирусы тудыратын жұпталы ауру. Ол науқас адам жетелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде ауа тамшылары арқылы сыртқы ортаға бөлініп шығады.

– Қызылша ауруы бойынша аудандағы ахуал қалай?

– Аудан бойынша биыл қызылшаның алғашқы болжамды жағдай диагнозымен 30 науқас есепке алынып, 100 мың халыққа шаққанда 83,1 құрап отыр. Өткен жылдың осы кезеңінде қызылша ауруы тіркелмеген. Жыл басынан тіркелген аурудың 14-і 14 жасқа толмаған балалар болса, 16-сы ересектер арасынан орын алып отыр. Бүгінге дейін 30 қызылшаның болжамды жағдайының 13 жағдайы зертханалық жолмен расталып, сыртқатанушылық 43,3 пайызды құрап отыр.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Мәселе

Ерлі-зайыпты адамдар ажырасса да, ата-ана ретінде арадағы балаларына материалдық көмек беруі заңмен міндеттеледі. Яғни бала кімнің қолында қалса, сол тарапқа әй сайын табысының белгілі бір бөлігін беріп отыруы қажет. Кейде екеуара келісім жасау оңай болады. Ал енді кей жағдайларда алименттен қашатын жағдайлар да кездеседі. Қазақстандағы алимент мәселесінде нені ескеру керек, еліміз онымен қалай күресуде, заң не дейді? Бүгінгі мақаламызда осындай бірқатар сауалдың түйінін тарқаттық...

Бір жылда 17,7 мың жұп ажырасқан

Елімізде ерлі-зайыптылар арасында ажырасу мәселесі жыл сайын артпаса, кемімей тұр. Былтыр 128,5 мың жұп шаңырақ көтерсе, оның 17,7 мыңы ажырасқан. Ауданның өзінде 72 неке бұзылған. Аудандық сот төрағасының айтуынша, оның көбісі жолдасы ішкілікке салынып, жұбайына тыныштық бермеген жағдайларға байланысты. Жалпы бұған қарап, отбасылық құндылықтарды жоғалтып жатқанымызды бағамдаймыз.

Екі жаққа кеткен отбасылардың арасында көбіне зардап шегуші – балалар. Баланы асырау ата-ананың міндеті болғандықтан, ажырасса да ол міндет мойнында қала береді. Бірақ көп бала психологиялық та, материалдық та жетіспеушілікке ұшырап қалады. Бұл – сол өкесінің немесе анасының өз баласына алимент төлеуден жалтарып жүргенінің кесірі.

Ажырасқан ерлі-зайыптылар баласы қалған тарапқа алимент төлеуі керек. Бұл жөнінде «Неке және отбасы» кодексінің 6-бабында нақты айтылған. Ол бойынша балаға алимент ретінде берілетін тиісті сома баланың ата-анасына не басқа заңды өкілдерін тусып отырды, ол қаражат баланы асырауға жұмсалады.

Борышкерлер берешегі 12,8 млрд теңгеге жетті

Қазіргі таңда алименттен жалтарғандар түрлі айла-амалдарға жүгінеді. Яғни жасырынып жұмыс орын өзгертеді, бақты кірестіріп төмендетеді, тұрғылықты жерін жасырады, т.б.

Былтыр елімізде осындай сылтаулармен алиментті қасқана төлемейтіндердің берешегі 12,8 млрд теңгені құрады. Бұл ерлі-зайыптылардың неке бұзудағы себебі өзара бір проблеманы шеше алмау емес, жауапкершіліктен жалтару емес пе?



Қор құру қажет пе?

Аналар да алимент төлейді

Жалпы алимент десе, көз алдымызға ер кісілер елестейтіні анық. Алайда елімізде алимент төлейтін әйелдер де бар. Мамандардың айтуынша, алимент төлейтін ер адамдардың мөлшері 96 пайызын құрайды, ал қалған 4 пайызы әйел адамдарға тиесілі.

Қазақстанда бұл мәселеге қатысты былтыр 367 мың іс қозғалған. Оның ішінде 16 500-і – проблемалық. Яғни үш ай немесе одан да көп уақыт бойы алимент төлемеген, ішінара төлеп жүрген немесе мүлдем төлемей жүргендер. Бұл жүргізілген атқарушылық істің 5 пайызын құрайды. Ал қозғалған іс жыл сайын артып жатқанын ескерсек, алимент төлемей жүргендердің де саны артауда.

Бұл мәселемен күресуде «Қазақстан Халық партиясы» фракциясының депутаты Магеррам Магеррамов былтыр шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстанда мемлекеттік алимент қорын құруды ұсынды. Ол бойынша мемлекет қорды қаржыландырады, яғни баланың қажетіне ақша төлейді, содан кейін борышкерлерден алимент өндіру арқылы шығындарды өтейді. Әкімшілік ресурсы бар мемлекеттің төлем алу мүмкіндігі жалғызбасты анаға қарағанда өлде-қайда жоғары. Бірақ бұл қор құрылса, ата-аналардың жауапкершілігін төмендетіп жібермей ме?

– Біз негізгі қазіргі мәселені қарауымыз керек. Қазір мәселені бір отбасын алайық. Ерлі-зайыптылар ажырасып, ортада үш бала қалды. Жалғызбасты ана сол үш баланы асырай алмай жатыр, ал ері алимент төлеуден жалтарып жүр делік. Әкесін жалғызбасты ана немесе іздейтін арнайы органдардың өзі таба алмай жүр. Балалардың жағдайы не болмақ? Ал мемлекеттік алимент қорын құру арқылы балалардың керекін өтеп, осы мәселені шешуге болады, – дейді республикалық «Әкелер» одағының төрағасы.

Алимент төлемейтін басты себебі ажырасып жатқан ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген өкпе-ренішінен. Алимент төлемейтіндерге талдау жасау барысында мамандар принциптік септелеп, яғни қарым-қатынасы дұрыс болмағасын кей-бір заңдардың осалдығын пайдаланып, алимент төлеуден бас тартып жатады.

Заңның солқылдақ тұсы көп

Енді сол кейбір заңдардың осалдығына тоқталсақ... Мысалы, сот орындаушылары өз жұмыстарын жасап, заңға сүйеніп, алимент 3 ай бойы төлемей жүрген азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тартады. Оның ішінде айыппұл төлеу және 5 тәулікке қамғау алу шаралары жүргізіледі. Бірақ мынаны түсіну керек, ол кісі сол әкімшілік жауапкершілікке тартылып жатқанда

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Тарих

Саят ағаның сағынышы

«Мәдениет және тұрмыс» журналында істейтінмін. 1987 жылғы тамыздың 23 жұлдызы күні Қызылордаға қарай іссапарға шықтым. Тоқсан алты жастағы большевик Насреддин Тасымовпен кездесуден көп жаңалық күтіп бара жатыр едім...

Бірақ мен күткен жаңалық көрші купеде болып шықты. Онда Құлагер ақын Ілиястың бел баласы Саят та келе жатыр екен. Тез таныстық. Ол – Қазақ ССР Ғылым академиясы Тау-кен істері институтының жетекші ғылыми қызметкері, техника ғылымдарының кандидаты.

– Кентауға келісімшарт жасасуға бара жатырмыз, – деп ол серігің КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбу Өтениязовты таныстырды.

...Саяттың анасы Бәтима Төребаева – жаңақорғандық. 1943 жылы өкпе ауруынан қайтыс болған, мамандығы педагог болатын.

– Ол туралы негізгі әңгімені мамам Айша Сиқымбаева айтып берді. – деді Саят аға. – Мен онда баламын. 1930 жылы туғанмын. Айша мені өсірген соң «мама» деп кеткенмін. Жасы қазір сексенде.Қазақмайдандықгазеттерінде машинистка болған. Белгілі жазушы Ғабдолдың інісі Бисенғали Сланов, Жұбан Молдағалиев, Сағынғали Сейтов, Құрманғали Ұбаев біздің, яғни Айшекеңнің үйіне жиі келетін. Әкешем Ілияс Жансүгіров пен Бетима Төребаева 1929 жылы қосылып, екі перзентті болды. Бірі – мен, екіншісі ертерек қайтыс болған қарындасым Сайра. Екеуі 1932 жылы ажырасқан. Оның бірқатар себепі бар.

Бәтима Төребаева Мәскеуде оқуда жүргенде Ілияс пен Талдықорғанның Қапал ауданынан таныс Сүлеев Біләлдің әйелі Фатима Ғабитова арасында сыйластық пайда болып, екеуі қосылады. Біләл Сүлеев әйелі Фатимадан – Фарида, Жәнібек (соғыста қаза тапты), Азат есімді перзенттер көрген. Ал Ілияс Фатимадан 1933 жылы Үміт, 1935 жылы Ильфа (Ілияс Фатимадан құрастырылған есім) есімді екі қыз, 1937 жылы Болат атты ұл сүйді.

Үміт Жансүгірова – дәрігер. Абдолла Қарсақбаевтың әйелі еді. Екеуінің дем-түздары жараспапты. Үміттің екінші күйеуі Ақпанбетов Сардарбек – фотограф. Нұрлан деген альпинист ұлы қапияда қайтыс болды. Сұлтанғазина Жаннаға үйленген еді, артында бір қызы қалды.

Ильфа Жансүгірова – Санжар Жандосовтың әйелі. Ажар, Жанар, Фатима, Динара есімді төрт қызы бар. Болат Ілиясұлы Ғабитов – Жансүгіров кино саласында істеген, қазір шығармашылық қызметте. Бірінші әйелінен Жәмила есімді қызы бар. Екінші әйелі Қарлығаш Қаңтарбаевадан Ләйла, Үміл (Үміт–Ілияс) дейтін қыздары бар.

Бұл ұзақ сонар тарихты Айша апай майда тіпмен түсіндіріп, себепін ашып, айтып береді. Сурет, документтерді де сол үйден іздеуге болады. – деп Саят аға ойға шомды. Балапалың сағынғандай далаға қарады. Пойыз зырып келеді. Мен Ілиястың көзінде Қызылордаға барғанын, сонда осы жолмен жүргенін ойладым. Жүрегім ауырып кетті. Саят та, мен де ақынды жананатқа қимай, тура кеше қоштасқандай томсырайып біраз отырдық (Айша апаіммен жолығуды тағдыр маған қалапты. Көп өтпей ол кісі қайтыс болып кетті). Саят аға Түркістаннан түсетін еді. Одан әрі Кентау бармақ. Сол мәселе әңгімені өрбітуге де себепші болды.

– Түркістанда анамың Сәдуақас Оспанов деген ағасы ауартком хатшысы болып істеген. Ташкенттегі бірінші детдом директоры болған. Үш баласы бар еді. Тұрғыт (Оспанов) дирижер еді, қайтыс болып кетті. Ал Тұран Мәскеудегі Цветметті бітірген инженер. Нұрашы аурушандау, Болат институтын бітірді. Анам 1932-1935 жылдары Түркістанда баспаханада істеген. 1935 жылы жақсы ел салатыныданқтан Алматыға да шақыртып, Күлөшпен бірге ең де салып көрген екен. Қаладағы төртінші мейманханаға келгенбіз, мен бес жастамын. Сонда әкем Ілияс келіп мені жоғары көтергені, сүйгені жадымда еміс еміс бар.

Шешем 1935-жылы Ибади Тәукеловпен қосылды. Сөйтіп, Семейдегі Абралы ауданына кетеді. Айшаның күйеуі Орынәлі Сиқымбаев онда хатшы болып істейтін. Сол кісі шақыртып алды. Әгей әкем оқу ісінің меңгерушісі, анам мұғалім болып істеген. Саида (Тәукелова) деген қарындасым сонда дау-некеге келген.(Саиданың күйеуі Жүніс Бектепов журналист, қызылордалық, ССРО Жоғарғы Советінің қазақ тобында аудармашы. Мәскеуде тұрады. Үш баласы бар. Ақылжан, Айжан, Бақыт. Бақыт «Қазақстаншаңа правданың» Қызылордадағы меншікті тілшісі болып істейді).

1937 жыл өгей әкем Ибади Тәукелов Алматыға көшіп келіп, үй алып жайғасты. Қамаяуға алу іле-шала басталып Ілияс та, Орынәлі де, Тәукелов те ұсталып кетті...

Далабай Ешпанов деген кісінің Шара деген 1926 жылы туылған қызы, Саида үшеуіміз Айша апаның қарамағында қала бердік. Соғыс басталғанда Айша апай майданға кетті. Анам 1943 жылы қайтыс болды. Шара, Саида және мен Дәержинский көшесіндегі 38 үйде тұрдық. Ұзынағаштан ба, Қордайдан ба Құпшат есімді ұжымшар председателінің қамқор болып көп жүретіні, кейде жазғы демалыста сол ауылға



баратынымыз есімде. 1945 жылы Айша апай соғыстан келді. Біз ол кезде 25 мектепте оқитынбыз.

1948 жылдан бастап әкемінің туыстары бізді іздей бастады. Мұның түп негізінде Ілиясқа деген құрметпен қоса, ертең келіп ұлын сұраса қайтмаз дегендей шарасыздық та бар еді. Ұсталған кезден көп ұзатпай ақынды атып тастағаны ол кезде мәлім емес-ті. Ілияспен аталас Талап Сұлтанбековтің шешесі Дәмеш апай Айшаға жолығады. Талаппен таныстырды. Айшекең «Ілиястың баласы жігіт болды» дегендей мақтанаш сезімімен тааныстырып, екеуінің маған көздері жасаурап қарағаны есімде.

Дирижер Тұрғыт Оспанов мені Радиокомитеттің қазақ аспаптары оркестріне оқушы етіп жаздырып, домбыра тартқызатын. Нұрғиса аға да бізді үйретуші еді. Ол кісі мені әлі оқушым дейді. Туыстар соны да біледі екен.

Тағы бірде үйге еңгезердей қара кісі келді. Ол Ілкенің немере туысы Болат Ешмұхамбетұлы Ташенов болып шықты. Ол кісі маған көп жәрдем берді. Оның айтуынша, Тау-кен академиясында оқып инженер болып шығуына Ілкенің жәрдемдескен екен (Болат аға Д.Қонаевпен бірге оқыған).

Жасым ол сегізде. Айшакеңнен рұқсат алып Болат мені қонақүйге ертіп келді. Ондағы әңгімеден

– Папаң мені оқытты. Қарыздармын. Енді сені оқытуым керек. Мен ағаңмын – деп айтқаны есімде қалыпты.

Сөйтіп, мен сол кісінің ықпалымен 1949 жылы мектепті бітірген соң Мәскеудегі Түрлі түсті металдар мен алтын институтына оқуға түстім. Соны бітіргелі осы салада жұмыс істеп келемін. Әйелім Фарида Бартушева, мамандығы – микробиолог. Ғылым академиясында істейді. Жамал Резеда деген екі қызымыз бар. Жамал Васич деген югослав жігітпен қосылған Ілияс (Люшоа) деген немереміз бар. Алексей Иванович Васич – театрда жарықтандырушы болып істейді. Резедамыз – Мәскеуде аспирантурада оқиды.

Анықтай түсетін бір-екі жай мынау. Талдықорған облысында Ілияс музейі бар. Музей директоры жас қыз (аты есімде жоқ) қай жылы келіп көп деректі біліп, көп мәселені анықтап мамам, папам және 3-4 жастағы мен үшеуіміздің бірге түскен суретімізді алып кеткен болатын. Мамам ондағы папамды қиып тастаған.

Терезе сыртында Түркістан жері созылып жатыр. Ол басталғалы қашан Міне, Түркістан жеріне де жеттік. Саят аға жолдастарымен пойыздан түсті. Мен әрі кетемін. Екеуімізде де қимастық оянғандай. Айырық жолға түскенмен біз қосылып тұр едік. Бізді қосқан ақын рухы болатын. Қайран Ілияс!

Саят аға түсіп қалды. Мен жалғыз отырып, дөңгелеген далаға қарап ойға баттым.

Енді мына бір жағдайды айтайық. Оңтүстіктегі Жетісай ауданына қарасты «Красная звезда» кеңшарының директоры Сапар Жаштаев бір әңгіме үстінде, Ілиястың күйеу баласы Санжар Жандосов Жансүгір ақсақалдың Мақтааралда қайтыс болғанын айтып, оның кабірің табуға мүмкіндік бар-жоғын сұрастырып еді, деген-ді. Ілияс 1931 жылы

аталған ауданға келіп кеткен. «Арай» журналының №6 (89) санында жазушы Серік Жанәбілов «Отыз екінші жылдың көкек айында Жансүгір Ташкенттен әрі солтүстік батыстағы Мырзашөлде, Мақтаарал жерінде тұратын немере інісі Құсайынды іздеп барды. Артында қалған атамекені Ақсуды ашаршылық жайлады. Торғайдай тозған ел жан сауғалап жан-жаққа кетіп жатты» деп жазды («Зауал» әңгімесінде. Осы әңгіменің аяғына тамам «Ата, ата, Ілияс-сың Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болыпты. Бүгінгі газетке шығыпты» деген сөйлем бар. Осыған орай айтар екі-үш ауыз пікір бар еді. Ілияс 1931 жылы өлең жазған дедік. Мен бөлімше тұрғындары арасынан Ілиясты көргендерді іздеп, жолықтым. Ілияс бұдан бұрын да, кейін де Мырзашөлге келмеген. Оның 1931 жылы, яі дәл осы кезде келуіне не себеп болды?

– Ілиястың әкесі Мақтааралда көмілген деген сөз бар. Әкесін іздеген шығар Ілияс, – дейді Сағынтай Өскенбаев. Әкем Өскенбай Жұматаев 1929 жылы «Жаңа тұрмыста» бригадир, 1936 жылы «Қызылабадта» председателі болған. 1942 жылы майданға аттанып, Сталинградта хабарсыз кетті. «Қара қағаздың бәрін айта беруге ышдамай соғысқа кетті» дейтін Дәнекул аңамыз. Соғды мыңғыртқан, жылқы-түйені кейбіткен ұжымшар председателі әкемің Балғын, Марал деген екі аты болған. «Қызылабад» ығы-жығы, ел көп-ті. Ол кешеге дейін алты көше еді. Мүсәлі Ізбасаров әкем кеткен соң ұжымшарға бастық болған. Сол «Қызылабад» жылқысы – Қызылқұм өңірінде бөйге бермеген. Ұжымшарда жылқының есебі жоқ-ты. Мотор, Сафуанның Сарқасқысы, Балғын, Марал деген аттар – сурет еді, керемет жүйрік. Сабыр қаракасқа, Бозқояң, Құмсақжүйрек, Алтынжал, Жызақ қаракасқа, Құйысан сияқты аттарды әкем әңгімелеп, Ілияс қызыға тыңдапты, сұрай түсіп, жазып алып отырыпты. Атты (мініп жүрген) тұсап қойып, екі ұжымшар («Жаңа тұрмыс» пен «Қызылабад») арасындағы жоңышқалықта отырып әңгімелесіпті. Бұл өмірді қойсаңызшы, ақалтеке – дон тұқымымен аралас, қақпан бел, ешкі бас дәу ат еді Балғын. Ол Маралдың баласы болатын. Кейінірек, қартайғанда дәп сол аталған жоңышқалықта жас айғыр көңірдегінен тістеп, қансырап өлді...

Ілиястың әкесін іздеп барғанын ауыл адамдарының басқа әңгімелері де дәлелдегендей. Демек Жансүгір ақсақал 1931 жылғы Ілиястың баруынан бұрын сол жакта (Мырзашөлде) болған. Елдің айтуында, Ілияс әкесіне тірілей жолықпаған. Кабірің тапқан-таппағаны белгісіз. Екінші пікір мынадай. 1926 жылы құрылған КазАПП 1932 жылы таратылып, сол жылы Ілияс Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комитетінің төрағасы болады. Сөйтіп, 1934 жылғы Кеңес Жазушыларының I съезіне дейін істейді. Ілиястың I съезге қатысқаны, М.Горькиймен суретке түскені, әңгімелескені, кинолентаға түскені мәлім. Сонда жазушы С.Жанәбілов әңгімесінде кейіпкеріне Жансүгірден сүйінші сұратып отырған тұста, Ілиясты жазушылардың төрағасы болғаны газетке шықты дегенде, яғни 1932

жылы Жансүгір марқұм қайтыс болып кеткен-ді. Өйткені 1931 жылы «Жаңа тұрмысқа» келіп, өлең жазған Ілияс әкесіне тірілей жолыға алмады дедік... Сүйінші сұрау артық, жаңсақ дерек. Бірақ соны деректі – Жансүгірдің де, Ілиястың да Мырзашөлге қатысты дерегін пайдалана отырып, деректі көркем әңгіме жазған, оны қобызшы Молықбай тағдырымен байланыстыра баяндаған талантты жазушы С.Жанәбіловке алғыстан басқа айтарымыз жоқ, өрине.

Бір қуаныштысы, ізденімпаз ғалым профессор Темірбек Қожакеев «Жұлдыз» журналындағы (№2, 1990 жыл) «Журналист Жансүгіров» деген зерттеу мақаласында мынандай тың дерек келтіреді. «Ілияс жергілікті газеттерге қамқорлық жасап, оның қызметкерлерін газет ісіне үйретуден де жалықпаған. Осыған бір дәлел: 1931 жылдың көктемінде ол Оңтүстікке командировкаға барады. Бұл кезде Мақтаарал ауданы жаңадан ұйымдасып, онда орыс және қазақ тілдерінде газет шығаруға ұйғарылған екен. «Голос хлопковика» газеті шыға бастапты да, қазақ тілінде газет шығаратын адам табылмай отыр екен. Ілияс бірер жасты газет жұмысымен тааныстырып, алғашқы нөмірді шығарысып кетейін» дейді.

Сөйтіп, ол «Мақташылар үні» газетінің тұңғыш нөмірін өз басшылығымен жарыққа келтірді. Оның бас мақаласын өзі жазды. Жас журналистерге газет қызметінің сырларын түсіндіреді. Ұстаз ағаның көмегімен сол газеттің тұңғыш редакторы болған Әділбай Омаров кейін белгілі журналист ретінде танылды». (Мұхтар Әуезовтің оңтүстікке сапарында серік болған Әділбай Омаров). Ақынның Мырзашөлге сапарына қосымша дерек болған, бұл пікірге қосымсаққа әддіміз жоқ.

1937 жылғы сталиндік репрессия халықтың арасында қорқыныш, үрей туғызды. Қорқу, үрку жүрген жерде қиянат та жүреді екен. Осы қорқудың салдарынан талай адамдар өзіннің не істеп, не қойғанын білмей де қалды. «Қазақ әдебиетінде» (1989 жыл 10 ақпан) профессор Құдайберген Жұбанов туралы мақала шықты. Авторы – Әмірхан Мемдеке. Ұлттық мәдениетіміздің үлкен жанашыры Қ.Жұбанов 1935 жылы 14 қаңтарда «Ленинші жас» газетінде «Із – жас күш» деген мақала жариялап, бір топ жастан зор үміт күттінін айта келіп, соның ішінде Есмағамбет Ысмайұлының ерекше бөліп атайды. Екі жылдан соң «Социалистік Қазақстан» газетінің 30 қыркүйектегі санында осы Е.Ысмайылов Қ.Жұбанов туралы «Грамматикадағы анархия туралы» деген көлемді мақаласын жариялады. Сонда «Жұбанов грамматикасында... екі мысалдың бірі І.Жансүгіровтің өлеңдері мен сөздері екендігін және айтауға болмайды. Бұл грамматика қазақ тілінің мектепте оқылуға тиісті оқу кітабы емес, осы күнгі қолданып отырған емлемізге, үкімет қаулысына қайшы жазылған өте зиянды кітап...» дейді автор. Осыларды білетін ғалым Р.Сыздықова «Интеллигенциямыздың тарихы – қоғамдық ой-санамыздың тарихы. Бізде ұлттық интеллигенциямыздың тамаша өкілдері туралы, олардың тағдыр-талайы туралы арнаулы зерттеулер өте аз. Біздіңше, осыған көңіл бөлу керек. Зерттеу керек» десе, бұл пікірге қосылмай болмайды.

Сөзімізді тағы да «Алматы ақшамы» газетінде жарияланған мақаласында ойымыздағыны дәп басып, ортақ пікірімізді білдірген Т.Қожакеевтің ұсынысымен аяқтағымыз келеді. «Көп азаматтарымызды қостап, үштеп, топтап бір жерге апарып атқаны, көмегі даусыз. Сол сумдықты, сол бұйрықты орындағандардың көзі тірілері болмауы мүмкін емес. Соларды көндіріп, ардагерлеріміздің жатқан жерін көрсет, күнәнді жу дәу керек. Бейкуңе жандар құлаған жерден хабар берер документтер де табылар. Әйтеуір жазықсыз жан тапсырған сол боздақтардың сүйегін тауып, Көктөбе сияқты айтулы жерлерге арулап қайта қойып басына өңселі ескерткіштер орнату – парыз». Өте дұрыс айтылған бұл сөз Ілияс Жансүгіровке де өбден қатысты.

Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ,
ақын, Халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының
лауреаты

Қауіпсіздікті сақтайық

Қазіргі уақытта ірі сауда нысандарының құрылысы үлкен қалаларда ғана емес, еліміздің қарапайым шағын аудандарында да көптеп кездеседі. Мыңдаған адамның ішінде ірі сауда орталықтарына бірінші рет келген кейбір адамдар эвакуациялау жолдарымен таныс. Бұл адамдар төтенше жағдайда қалай әрекет етеді? Төтенше жағдайда олардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуге болады? Тарқатайық...



Сауда орталығы бір мезгілде көптеген адам болатын және бірнеше қабаты бар кең жабық алаң болып табылады. Сондықтан стационарлық бөлшек сауда желісінің жұмысы міндетті түрде өрт қауіпсіздігі ережесіне сай болып, өртке қарсы қауіпсіздік мұқият ойластырылуы тиіс.

Сауда орталығында өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау үшін эвакуациялауды ұйымдастыруға аса мән беріп, өрт сөндірудің автоматты жүйелері мен өрт сөндіру үшін пайдаланатын қол құралдарымен үздіксіз қамтамасыз етіліп, олар міндетті түрде объектіде болуы шарт. Көбінесе сауда ойын-сауық орталығында өрт қауіпсіздігі кәсіби автоматты жүйелердің көмегімен жүзеге асырылады.

Жергілікті жерлердегі жауапты адамдар кем дегенде жарты жылда бір реттен сауда үй-жайларында оқу-жаттығу эвакуациясын өткізуі қажет, бұл үшін персонал өлеулі өртке дайындалып, тез әрекет ету керек. Сауда алаңдарының мәніш иелері мен жалға алушылары өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап, өрт болған жағдайда олардың іс-қимыл жасау тәртібі бойынша өз жұмысшыларымен нұсқамалар жүргізуі қажет.

Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары барлығына бірдей, бірақ объектінің инженерлік ұйымының әрлеу ерекшелігіне байланысты осы талаптарды қамтамасыз ету тәсілдері жиі ерекшеленеді. Сондықтан сауда орталығының иесіне мамандар осы нысанның ерекшеліктеріне сәйкес келетін өзінің бірегей өрт қауіпсіздігі жүйесін әзірлеуді ұсынады. Өрт немесе басқа да төтенше жағдай байқаған жағдайда 101 немесе 112 шұғыл қызметтер телефонына қоңырау шалыңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның №2 санды 2024 жылғы 21 ақпандағы серіктестіктің басқарма отырысының хаттамасының шешімімен серіктестік құрамынан қатысушылардың шығуына байланысты серіктестіктің жарғылық капиталы азайтылғандығын өзінің барлық қатысушыларына, кредит берушілеріне хабарлайды.

Серіктестік кредит берушілеріне, қатысушыларына «Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның мына мекен-жайында: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №4 ғимаратында орналасқанын және талаптар бар болса, жазбаша нысанда жолдауды сұрайды.

БСН: 010640000062

Сағындық әке өзіңді

Жалған өмір-ай десеңші. Расында жалған екен. Адам өмірінің қамшының сабындай-ақ екенін өзін көрсеткендей болды. Ағасының артынан ерген інісі, тәтелеріне қымбатты бауыр, әулеттің басшысы, ұқымына қадірлі маман, балаларының асқар тау ардақты әкесі, асыл жарына қымбат ер азаматы бола білген Берістемов Асылбек Ләзіулының келместің кемесіне миңгеріне 40 күн уақыт өтті.

Ол Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылында 1969 жылы 18 тамызда дүниеге келген. №33 орта мектепті бітірген соң Отан алдындағы борышын өтеп, Қызылорда ауыл шаруашылық техникумынан инженер-механик мамандығын алып, 1993 жылы Бұқарбай батыр ауылына көмекші бригадир болып жұмысқа қабылданды. Өмірінің соңына дейін бригадир болып еңбек етті. Үлгілі ұйымдастырушы, жақсы маман, адал еңбекқор, көпшіл кішіге аға, үлкенге іні, ағайынға сыйлы ел ағасы бола білді. Еңбегі кішіге үлгі аларлықтай.

Асылбектің қазасы қабырғамызды қайыстырып, өзегімізді өртеді. Тағдырдың ісіне не шара? Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Артында қалған ұл-қыздары, жары ошағының отын сөндірмейтін, өмірін жалғайтын ұлы бар. Өзіңді сағыншыпен еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топырағы торқа, иманың жолдас болсын, асқар тау әке.

Әкешім шаңыраққа болдың пана, Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға. Аман не, жоқсыз бүгін ортамызда Сағындық әке сізді баршамыз да.

2024 жыл 2 наурыз сағат 11.00-де Бұқарбай батыр ауылындағы Ким Яков көшесі №3 үйде Берістемов Асылбек Ләзіулының 40 күндік асы берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жекежат, дос-жаранға, ұжымдастарға хабарлаймыз.

Еске алушылар бауырлары, жұбайы Жанат, ұлы Сардабек және қыздары





Аламесек туралы аңыз

Кезінде аты қалың жұртқа танымал болған Аламесек атты ауылды ат аяғы жетер жердегі ел түгел білетін еді. Ал сол кезде аудан орталығы «Жаңа базар» атағына ие болған, Аламесектің қойнауында 200-ге тарта адамы бар Ақарық (Көкпая) атты ауылдың болғанын көп адам біле бермейді.

Сырдариядан саға алып, жер жағдайымен ащы ішектей созылып жатқан Жаңадария сол Ақарықтың (Көкпаяның) батыс жағалауын иірімделіп келіп, доғаша иіліп өтетін еді. Дарияның осы тұсы жарға соққандай көтеріліп, толқынын жағаға шашыратып ағатын. Дәл осы қойнау жағасы небір өсімдіктердің тоғайлана өсіп, қалың ну орманға ұласып, жағасына тән жерлері қалың ну қамыс көмкеріліп, неше түрлі аңдардың жайлы қонысы болатын. Оның ішінде жолбарыс табиғатының қайратты ала Сыр мысығы тұрақты мекен етті.

Біздің еке-шешелеріміз айтып отыратын, сол қопалы иірде, қалың қамыс қоғалар өскен жерде аңның тұр-түрі мекен етіп, қоректері балық, түрлі майда су құстары бар еді. Қырауылдың аналығы, аталығы мекендейді. Құстардың аналығы жұмыртқасын қалың қамысты шөптесін жерлерге туып, сол жерде уақыты келгенде басып шығаратын. Сол жұмыртқаларды иісіл кү түлкілер тауып алып жеп кететін. Су жиегіндегі қамыста ондатыр деген терісі бағалы су тышқаны ұя салып, өз тіршілігін жасайтын.

Бұл аңдарды адамдар аулайтын. Қолдарында ұзын сапты шаңышқысы болатын. Ол шаңышқы жолбарыстан қорғайтын құрал есе-

бінде болатын. Ұстаған аңдарын басынан ұрғанымен өлмейді, тек оның амалы құйрығынан тартып, қолсақ жаны шығып жүре береді. Сол кезде біздің әкемізде 50-дей түіе болатын. Сол жағаға жайылып жүргенде жолбарыс шабуыл жасап, жеп кетіпті. Омырауына көп азуын тереңірек алып жабысқанда түйелер тұра шабатын, жолбарыс тістеген жерінен айырылмай салақтап қашса, артқы аяқтары жерге тигенше тұра береді. Аяғы биік дөңестеу жерге тисе, ана түйені жерге алып ұрып, омырауын жарып жіберетін дейді.

Атамыз Айтпан Оспанұлы «Теміржол іргемізден өткеннен кейін сол аңдар ауып кетті. Сол Жаңадария иегіне үлкен кісілер бау-бау қамыстан Қарабура суға тосап жасап, су деңгейін шарықтатып кететін, ауыл арығы «ақсақал арығына» ағып, сонау «Қарай» деген жазыққа дейін апаратын еді. Сол «ақсақал арығының» жағасына жаппай ел әлі келгенше бақша егіп, қыстай жейтін азығын жинап алатын еді. Қауың, қарбыз, жүгері, тары егіп, майда дақылдарға да басымдық беріп, сөбіз, піяз алатын еді. Сол атамыз-дың кезінде келіндері «жолбарыс қайнаға» дейтін еді. Бірде орман жағалап келе жатқандай өлдене ыңырысып, дыбыс шығарғандай бол-

ды» дейді.

Атаның әңгімесінде қалыңның арасынан қарасам, сол жолбарыс балалап жалап жатыр екен, екі күшігі бауырымен жорғалап, әлі көудесін көтере алмайтын кезі екен. Қалыңнан шығып, жолбарысқа таяу барғанымда ол маған айбатты аң орнына менен жердем сұрағандай жолын ашты. Жанарыма жалтаң-жалтаң қарап, күшігінен екі-үш қадымдай алыстап барып, екі алдыңғы аяғын алға соза жата қалды.

«Маған не істесең, соны істе, күшкітеріме зәбір келтіре көрме» дегендей көңді аналықтың алдына жалынышты қараған кезде менде де аяушылық туды ма білмеймін, дереу дорбамдағы жағадан аулап алған балықтарды күшік алдына тастадым. Олар да аузына ерең тістеп жетіле қоймағанд балжамдап жұта алмай жатқанда анасы орнына жоймен бұрыла келіп балықтарды азулы тісімен шайнап, майдалап күшік алдына құсып тастады.

Азанда барған бойда тұзаққа түскен қойнды аналықтың алдына тастағанымда маған риза болған жанарымен мөлдірей қарап, қоянды жеп бастады. Мен кейін шегініп, өз ісіме риза болғандай елге беттедім. Жаңа туған аналыққа берген қалжадай қояныма ішім ұдай ашы-

май, ұзаған соң орнына қарасам, екі күшігін бауырына тартып емізгелі жатыр екен.

Дария жағасын мекен еткен жолбарыс туралы естіген-білгенімді айтып, газетке жолдап отырмыз. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» деген бар, сондай-ақ тақырыптағы «жайын» туралы да бір үзінді келтірейік.

Арыстан деген кісі аңшы әрі балықшы болған екен. Сол бірде суға ағып келген үлкен жайыңның жағада қайырылып жатқанын көріп, Мұратбай, Оспан, Құләнбай, Сыздық, Ормантайларды шақырып, арқанмен құрсаулап жағаға алып шыққанда «құйрығымен біраз нәрсеңі жапырып еді» дейді. Жайыңның басын кетпеннен шауып, жағалай отырған ауылға таратып асып, қуырып жегуге беретін. Жайыңның ұзындығы бірнеше метрге дейін барады, салмағы 120-130 келі тартатын. Сол Арстан баласы Тас та дариядан одан кішірек жайындарды ұстап, жұртты таңғалдырған.

Кейін дария тартылып, жағадағы аңдардың да тобы азайып кетті. Үлкен кісілер айтып отыратын, «осылардың бәрі де киелі екен-ау. Сол бар тұста ауру-сырқау болмайтын еді» деп.

Аламесек елді мекені қазіргі аудан орталығынан 45 шақырымдай қашықта орналасқан. Іргесі 19 ғасырдың аяғында қаланған тарихи өңір 1928-1930 жылдары аудан орталығы болған деген деректі жоғарыда келтірген мәліметтеріміз айғақтай түседі. Жері құнарлы, шөбі шүйгін,

балық, аң-құсы мол болғасын ба, жергілікті тұрғындар ашаршылыққа ұшырамаған деседі. Сол тұста Шымбай, Төртқұл Қазалы уездерінің саудагерлері аталған өңірде жәрмеңкелер жиі ұйымдастырып, бұл өңір кейін «Жаңа базар» аталған деседі.

1900 жылы Аламесекте 220 үйдей қазақ, 50-60 үй өзбек, 20-30 үйдей ноғайлар қоныстанған деген дерек бар. Ертеректе бұл аймақта 2 сыныптық орыс-қазақ түземдік мектебі, кірпіш зауыты мен қасапхана жұмыс жасаған Темірбек Жүргенов тәлім алған ауылдағы орыс-қазақ мектебінің біз айтып отырған білім ошағы екеніне көз жеткізетін деректер көптеп кездеседі.

1902 жылы іргесі қаланған Аламесек мектебі өңірдегі 6 болысты қамтитын алғашқы маңдайалды оқу орны болған. Құрылысының қарқыны жүруіне басқа замандағы ауқатты азаматтардың бірі Смайыл атамыз үлкен үлес қосқан. Оқу құралдары Ақмешіт қаласынан түіе тасымалы арқылы жеткізілген. 1889 жылы Ташкентте ашылған оқушылар семинариясының түлегі Досмағамбет Букин де мұнда жастардың еш кедергісіз білім алуына белсене атсалысқан. Ұлы Отан соғысы жылдарында Украина мен Беларуссияда панасыз қалған 700-ге жуық жетім бала мектеп ғимаратына орналасып, осында білімін қайта жетілдіреді. Кейінгі жылдары бұл нысан Аламесек ауруханасы болып жұмыс жасапты.

Елді мекен ертеректе «Аламесек» көлінің жағасында орналасқандықтан ауыл аты да осылай аталған.

«Аламесек» көлі бұрынғы Ақарық ауылының солтүстігінде үлкен аумақты қамтып, қазіргі Сырдария ауданына қарасты Ақжарма ауылына дейінгі алқапты алып жатты. Шығысындағы «Көк су» өзегі арқылы Сырдария өзенімен, түстігіндегі «Тарма көл», «Дәулет», «Сарыкөл» мен «Абызбай көлі» өзегі арқылы «Жаңадария» өзенімен байланысады. Көлдің табаны 1956-1958 жылдары тартылғандықтан жергілікті тұрғындар бұл аумақты егін шаруашылығына пайдаланған. Кейін егіс алқабы қазіргідей ин-женерлік жүйеге көшіп, 1966-1967 жылдары мұнда Ақжарма ауылының тұрғындары күріш еге бастапты.

Сөзімізге арқау болған каналдың бастапқы атауы «Қопалы көл» болса керек. Енді «Тарихы тереңде жатқан жер-су аты кейін қалай Аламесек атанды?» деген оқырманда сөзсіз сұрақ туындайды. Ол жөнінде көнекөз қариялардан қалған әртүрлі дерек те аз емес.

Расында Орта Азия мен Қазақстан туралы орыс тарихшыларының жазба деректерінде Аламесек каналы «Қопалы көл» деп аталған. Көлдің жағасы түіе бойламайтын қалың нар қамыс болғандықтан бұл аумақты жолбарыс мекендеген деген дерек бар. Жергілікті тұрғындар жолбарыстың атын атамай «Аламысық» дейді екен. Осылайша «Қопалы көл» «Аламысықты көл» атанып, келе-келе Аламесек болып кеткен дейді. Ал 1995 жылы жарық көрген «Сыр елінде жиналған қазақтың шежіресі» атты еңбегінде Өмірзақ Ахметов ағамыз басқаша дерек келтіреді.

Ол өз туындысында Қарақалпақтардың кейінгі мекені Сырдарияның екі бетін Арал теңізіне дейін өңдеп иеленгенін, ол өңірде Әбілқайыр ханның үлкен ұлы Нұралының хан болғанын айтады. Нұралы ханнан бұрын да, кейін де Қарақалпақтар екіге бөлініп, хандық құрған деседі. Бір бөлігін Қатағар билесе, келесі бөлігі Аламесектің еншісіне бұйырады. Алғашқысы Қазалы өңіріне орналасса, Аламесек хан қазіргі Жалағаш аумағына қоныстанған дейді. Жоғарыда айтылған екі деректі де растайтын басқа да мәліметтер жетерлік. Бұл – ел ауызынан және көнекөз қариялардан қалған есіеттен алынған мәліметтер. Ал шынына келгенде аталған өңірдің тарихы тереңде жатыр.

1925 жылы Аламесек болысына 44 ауылдық кеңес қараған. Аудан орталығы болып тұрған кезде мектеп, интернат, пошта, аурухана, кітапхана, мәдениет үйі мен астық қабылдау пункті жұмыс жасаған. Сол тұста Аламесек МТС ұйымдастырылды. 1932-1933 жылдары Төренөзек ауданының жетім балалар үйі болды. Аламесек көліне құятын сулар бөгіліп, көл табаны құрғаған соң жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі елден еріксіз көшуге мәжбүр болыпты. Кейін аталған өңір «Аламесек ауылдық округі» болып қайта түлейді. Біз алдыңғы буын ақсақалдардан тыңдаған ауыл тарихы осылай еді. Бұрын Аламесек хақында сөз болғанда «Жолбарыс жортқан жер екен, Жайын аулаған ел екен» деген екі қатар өлең қатар айтылыпты.

Мұқан МҰРАТБАЙ,
Аламесек ауылдық округінің ардагері

Ағайындай болған кәрістер

«Өткен ғасырда отызыншы жылдардың екінші жартысында сталиндік қуғын-сүргіннің қасіретін көрген ұлттардың бірі – кәріс. Сол кездегі Қиыр Шығыстағы халықаралық жағдайды желеу етіп, шекара аймағында орналасқан, бірнеше ауданның түпкілікті кәріс ұлтын 1937 жылы тамыз айында күштеп көшірілгенде мен жеті жастағы бала едім» деп еске алатын бұрынғы Калинин атындағы кеңшардың мал дәрігері, кейін партком хатшысы, жұмысшылар комитетінің төрағасы болған ауданға танымал Ким Чан Нен.

«Сол жылдың тамыз айы болатын, автоматпен қаруланған әскерлер ауылымызға баса көктеп кіріп, үй-үйді жағалап, үш тәулікке азық алып, мал мен дүниелеріміздің есебін алып, сол күйінде қалдырып, бағасына ордер беріп, барған жерде сондай мал, дүние аласындар деп, атарба, көлікке тиіп, жол бойындағы станцияға алып келіп, қарулы солдаттардың күшімен жолаушы вагондарға тией бастады. Баратын жеріміз белгісіз, терезеден телміріп, екі көзіміз жауғандап, алдағы тағдырымыз не болады деп қобалжулы көңіл-күіде келе жатырмыз. Бұл жағдай әсіресе үлкен кісілердің өзiнa қатты батты. Біздің вагонның өзiнa жасы ұлғайған ауру-сырқау бірнеше кісі жолда көз жұмды.

Жолда бір ай жүріп, бізді тиеген пойыз осы облыстың Жалағаш ауданындағы №5 жол бойы бекетіне келіп тоқтады, бізді түсіре бастады. Жат жерге құлазыған көңіл-күймен табан тіреген бізді жағдай жасап, жедел түрде орналастыруға тапсырма болу керек, жергілікті колхоздардан өгіз арбалармен келген шаруашылық басшылары арнайы бізді орналас-тыру жөніндегі комиссияның бас-шылығымен алып кетіп жатты. Осы ауданға Қиыр Шығыстағы бес колхоздың ізіндегі кәрістер келді, оның үшеуі Карл Маркс ауылдық кеңесіне қарайтын, Мирзоян колхозының аума-ғында «Ащыкөл» деген жерге, үш кол-

хоздың негізіндегі ағайындар қоныс тептік, қалған екі колхоздың тұрғын-дары Қараөзек бойындағы «Серкеш», «Иіркөл» бойына орналаса бастады. Тағдырдың төлкегіне түскен, өмір сүру үшін күрескен әкелеріміз бен ана-ларымыз көрші колхоздың күшімен сол жылдың қысы түскенше жертеле қазып, баспана жасап орналаса бастадық.

Бірсыпыра отбасылары қазақ отбасыларына паналадық, кеңпейілді, ажқуректі қазақ ағайындар бізді жатыр-қамай жылы қабылдады, қиын кезеңде бір үзім нанын бөліп беріп, жанымызды сақтап қалғанын қалай ұмытуға бо-лады» деп отыратын Шөкен ақсақал «Мен келер жылы» деп әңгімесін әрі жалғады Шөкен.

«Қызыл Ту» колхозындағы қазақ мектебінің бірінші сыныбына оқыдым, сауатымды қазақ өліппесімен аштым. Қазақ отбасында тәрбиеленіп, аузын ашса, жүрегі көрінетін, ақжарқын қазақ ұлтының бір баласындай болып кеткен бақытты жанмын» деді.

Осы жолдың авторы сол ағайын-дардың арасында туып өсіп, тәрбие-леніп, білім алып, саналы өмірінің қалыптасуына әсер еткен еңбекқор, өсек-аянды білмейтін осы ағайындар-мен аралас-құралас болғанымыз мақ-танш етемін Аталарының асы болған берекелі дақыл күріш өсіруді қолға алған ағайындар 3-4 жылда аудан кө-леміндегі майда «Красный Октябрь», «Калинин», «8 март», «Приморский

партизан» колхоздары бірігіп, Калинин атындағы іргелі шаруашылыққа ай-налды. Еңбекқор ағайындардың ар-қасында шаруашылықтың тасы ерге домалап, колхоз аудандағы, облыс-тағы іргелі шаруашылық атанып, алпыс-шыңғы жылдары республикаға белгілі, үлгілі тірек шаруашылық болды.

Кезінде аудан экономикасының өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан колхоз құрылысынң шебер ұйым-дастырушылары Шегей Ен Фир, Лян Сун Ир, Пак Дон Сек, шаруашылықты ұзақ жыл басқарған Ким Яковлович 1969 жылы «Ленин» орденімен, басқа да еңбек адамдары орден-медаль-дармен марапатталды.

Өз ісінің майталман шебері, жер-сумен, берекелі дақыл күрішпен сырласа білген дикандар ауылдың, ауданның, облыстың атын асқақтатқан еді. Дала академигі Ыбырай Жақаев пен Социалистік Еңбек Ері, шіелілік Ким Ман Сам, күрішші әріптестері Пак Чан Ок, Ким Чен Ир, Цой Рикс Сергеевич, Цой Радиоң Ким Тимофей, Югай Чо Нам, сауыншы Пак Елена, картоптың «Жалағаш» сортының ав-торы Лян Сун Ир, өндіріс басшылары Ким Александр, Ким Леонид Николае-вич, Цой Абрам Сергеевич, Ким Ефрем, шаруашылықтың ұзақ жылдары бас агрономы болған Ким Александр, бас мал дәрігері Цой Степан, бас инженер Ким Валентин Яковлевичтің, 50-інші жылдары ауданымызға әкелген «Дон»

асыл тұқымды айғырларды өндіріске енгізуші мал дәрігері және атсейіс көкпаршы, Қиыр Шығыста ковалеріст болған Ким Иван ауылымыздың мақта-нышы еді.

Елүінші жылдары ауылдық кеңестің төрайымы болған апамыз Сафураның жары, шаруашылықтың прорабы Ким Петр, темірден түйін түйген арқалы уста Ким Ги Сек, ауылға алғаш рет байланыс жүйесін тартқан өз ісінің шебері Ким Миша т.б. азаматтардың атын ерекше құрметпен атаймыз.

Аудандағы іргелі білім ошағы №33 орта орыс мектебі соғыс жылдары халықтың асарымен салынып, елі-мізге белгілі көптеген азаматтары тәрбиеленіп шықты. Осы оқу орнын қалыптастыруда аянбай еңбек еткен, ұзақ жылдар мектептің директоры болған, мәдениетті, зиялы азаматтар Ню Филипп Тихонович, Шегай В.Н, Цой Николай Петрович, Ким Николай, Ан Николай Ильич, Ким Варвара Ми-хайловналардың есімі ауыл тұрғын-дарының әлі күнге дейін есінде.

Аудандағы алғашқы емдеу ауыл-дық ауруханасы Калинин колхозында ашылған еді. Ұзақ жылдар үчаскелік аурухананың бас дәрігері Ким Мой Сейдің халқына жасаған еңбегін жер-лестері ұмытпайды. 50-інші жылдардың басында ауылда еңселі мәдениет үйі бой көтеріп, онда кино көрсетіліп, тұрақты электр жарығының болуы, көрші колхоз жастарының осы ауылды



мәдени ошағына айналдыруы, елдің өркеніетке қадам басуының алғашқы кезеңдері еді. Кезінде шаруашылықта 15 үлді өкілі бір үйдің баласындай еңбек етіп, қоғамда ел байлығын арттыруда, кәріс ағайындардың қос-қан сүбелі үлесі ерекше болды. Ел-дегі орын алған тоталитарлық жүйе қайта құру дәуіріндегі келенсіз жағ-дайларды бұл ағайындар да халықпен бірге басынан кешірді. Олар тіршілік қамымен 1980-1990 жылдары ауыл-дан іргелерін көтеріп, ТМД елдерінде республикамыздың көрші облыс-тарына көптеп кете бастады. Дегенмен «Келіншектің бетін кім ашса, солыстық» дегендей, бұдан 86 жыл бұрын қазақ жеріне табан тіреген Бұқарбай батыр ауылының топырағы, олар үшін ыстық,

қасиетті, сол жерде өздерінің өркендеп, ұрпақ жалғастырғандықтарын, түз-дәмі таусылып, мәңгілік топырағы сол жерден бұйырғанын бұл ағайындар еш уақытта есінен шығармайды.

Жыл сайын Шығыс халықтарына тән наурыз айының соңында халқының дәстүріне айналған, өмірден өткен ата-аналары мен бауырларын еске алуға арналған «Ата-аналар» күніне, аяқтары жеткен жерден ауылға келіп, бейітінің басында тағзым етуі бұл ағайындардың адамгершілік пен ба-уырмалдықтың асыл қасиетін қастер-лей білетінін білдіреді.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Меншік иесі: СЫР6 МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директордың міндетін атқарушы Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициратланған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2840 Тапсырыс № 329 Кезекші редактор: Астоты БҰРКІТБАЙ
--	---	--	--	---